

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысу әдістемесі туралы нұсқаулығын бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 223 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3773. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен ( колданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қаралызы ) .*

---

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысу әдістемесі туралы нұсқаулығын бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, 2002 жылғы 1-14 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 467 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2098 тіркелген), 2003 жылғы 21 наурыздағы N 97 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2251 тіркелген) 2003 жылғы 7 мамырдағы N 151 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2362 тіркелген) қаулыларымен және Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2776 тіркелген), 2004 жылғы 26 мамырдағы N 149 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2930 тіркелген), 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3399 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Екінші деңгейдегі банктеге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

7-тармақтың үшінші абзацындағы "арнайы резервтер (провизиялар)" деген сөздер алып тасталсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді өлшеу мақсатында тәуекел дәрежесі бойынша активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша құрылған арнайы резервтер (провизиялар) сомасына азайтылады.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) жылжымайтын мүлікті салу жобасының тапсырыс берушісін, салынып жатқан объектінің құрылышы жөніндегі үлесі бар қатысушыларды және үлесі бар қатысушылардың гаранттарын қоса алғанда, заемшылар жылжымайтын мүлікті салу жобасының қатысушылары болып табылады. Бұл ретте осы тармақшада аталған заемшылар тобы құрған бір заемшиға тәуекелдің мөлшері салынып жатқан объектінің құрылышы бойынша жеке тұлғалардың - үлестік қатысушылардың және/немесе үлестік қатысушылар гаранттарының қатысуымен құрылған топ үшін осы тармақтың 1-10, 11 тармақшаларына сәйкес бір заемшиға тәуекел мөлшерінің жиынтық есебіне қабылданбауы тиіс;";

#### 1 - қ о с ы м ш а д а :

Банктің салымдар тәуекелінің дәрежелері бойынша активтерінің кестесінде:

"Баптар атауы" бағанында:

24, 27, 29 жолдарда "не "АА"-дан төмен емес борыштық рейтингі ұйымдардың міндеттемелерінің толық сомасына кепілдік берген" деген сөздер алдып тасталсын;

42, 46, 47 жолдарда "не "A+" -ден "A"-ге дейінгі борыштық рейтингі бар тұлғалардың міндеттемелерінің толық сомасына кепілдік берген" деген сөздер алып тасталсын;

43 жол мынадай редакцияда жазылсын:

43	Қамтамасыз етудің құны жеті мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын ипотекалық түрғын үй заемдары	50%
----	---	-----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 43-1 болатын жолмен толықтырылсын:

43-1	75%
------	-----

Салым тәуекелінің дәрежесі бойынша өлшенген банк активтерінің есебіне түсініктемелерде:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қарсы агенттен төмен тәуекел дәрежесі бар және банкпен не қарсы агентпен ерекше қарым-қатынастармен байланысты емес үйымдар кепілдігін берген (сақтандырған) салымдар, дебиторлық берешек, сатып алғынған бағалы қағаздар, заемдар тәуекел дәрежесі бойынша (кепілдік берілген (сақтандырылған ) салым, дебиторлық берешек, сатып алғынған бағалы қағаздар, заемдар сомасын шегере отырып), борышкердің тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтердің есебіне қосылуы мүмкін .

Кепілдік берілген (сақтандырылған) салым, дебиторлық берешек, сатып алғынған бағалы қағаздар, заемдар сомасы тиісті гаранттың (сақтандырушиның) дебиторлық берешегінің тәуекел дәрежесі бойынша өлшенеді.";

мынадай мазмұндағы төртінші тармақпен толықтырылсын:

"4. Тұруға арналған мынадай талаптарға жауап беретін тұрғын үйді салу не оны сатып алу және (немесе) жөндеу мақсатында жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемі :

1) ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша ай сайынғы төлем сомаларының (негізгі борыш бойынша ай сайынғы төлемді және ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша сыйақыны төлеуді қоса алғанда) заемшының ай сайынғы жиынтық кіріс сомаларына ара қатынасы (жеке табыс салығын және зейнетақы жарналарын шегергенде) оның ай сайынғы жиынтық кірісінің 35%-тен (жеке табыс салығын және зейнетақы жарналарын шегергенде) аспайды. Жекелеген жағдайларда, егер осы көрсеткішке сәйкес ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша төлемді төлеген кезде заемшы отбасының әрбір мүшесіне Астана және Алматы қалаларында кірістің 15 000 теңгеден кем емес, басқа аймақтарда 10 000 теңгеден кем емес, 15 жастан жас балаларға көрсетілген сомалардың жартысынан кем емес келу талабымен, коэффициент 45%-ке дейін түзетілуі мүмкін ;

2) ай сайынғы міндеттемелердің жалпы сомасының (заем, мұлікке салынатын салықтар бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру және құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, шарттармен және зандармен көзделген басқа да тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) заемшының ай сайынғы жиынтық кірісінің сомасына ара қатынасы (жеке табыс салығын және зейнетақы жарналарын шегергенде) оның ай сайынғы жиынтық кірісінің 40%-тен (жеке табыс салығын және зейнетақы жарналарын шегергенде) аспайды. Жекелеген жағдайларда, егер осы көрсеткішке сәйкес барлық

міндеттемелер бойынша төлемді төлеген кезде заемши отбасының әрбір мүшесіне Астана және Алматы қалаларында кірістің 15 000 теңгеден кем емес, басқа аймақтарда 10 000 теңгеден кем емес, 15 жастан жас балаларға көрсетілген сомалардың жартысынан кем емес келу талабымен, коэффициент 50%-ке дейін тұзетілуі **мұмкін**;

3) берілетін ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының кепіл құнына ара қатынасы мына төменде келтірілген мәндердің біреуінен аспайды:

**кепіл құнының 70 %,**

кепіл құнының 85% және олар бойынша кредит тәуекелін кредитор болып табылатын банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес сақтандыру үйімы ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының 70%-тен қамтамасыз ету құнына ара қатынасының асып тұсу мөлшерінде сақтандырған,

кепіл құнының 90% және олар бойынша кредит тәуекелін "Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының 70%-тен қамтамасыз ету құнына ара қатынасының асып тұсу мөлшерінде не ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының 85%-тен қамтамасыз ету құнына ара қатынасының асып тұсу мөлшерінде кепілдігін берген және олар бойынша кредит тәуекелін кредитор болып табылатын банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес сақтандыру үйімы ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының 70%-тен қамтамасыз ету құнына ара қатынасының асып тұсу **мөлшерінде сақтандырған**.

Ортақ заемши тартылған жағдайда осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген коэффициенттер заемшиның және ортақ заемшиның жиынтық кірістері мен шығыстарынан есептеледі. Заемшиның күйеуі немесе әйелі және оның жақын туысқандары: ұлы, қызы, шешесі, әкесі, туған ағалары мен қарындастары ортақ заемшилар бола алады.

Қамтамасыз ету (кепіл) құны екі шаманың ең азы ретінде айқындалады: жылжымайтын мүлікті сату бағасы немесе "Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 109-II Заңына сәйкес айқындалатын осы мүліктің бағалау құны".

2. 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енетін 1-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, он екінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы абзацтарын қоспағанда, осы қаулы 2006 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын **қолға алсын**;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" Занды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Tərafa*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК